

## Белогор ауылының тарихы

Белогор ауылы Қазан төңкерісіне дейін Шыңғырлау өзені бойындағы Рай қопасы (Рай деген бір абыз ата болғанға ұқсайды, оның сегізінші ұрпағы Самифолла ұлы Мақсот осы Белогор кеншарында малшы болып жұмыс жасаған) болған. Руы табын, бөлімі Жиенбет оның Құлкелді саласы, шамамен осыдан 240 – 270 жыл бұрын өмір сүрген Қазекен Шаһары деп атылып келген. Осыдан 30 – 35 шақырым жерде «Тіксай» ауылы бар, оның аталуы да осы шамада Салахаддин Шаһары деген өзгеріске ұшырап, 1928 – 1930 жылдарға дейін солай аталған. Салахаддин хазірет, Қазекен хазірет болған адамдар діни сауатты, осы шаһарларында мешіт салдырған, медресе ашып шәкірттер тәрбиелеген. 1906 жылы орыс патшасының ішкі істер министрі Столыпиннің бос жатқан жерлерге орыстарды қоныстандыру арқылы қазақ жерін отарлау саясатын байланысты 1906 – 1908 жылдары Орынбор облысы Соль – Илецк ауданы Покровка селосында қоныстандыру бекеті ашылып, сол бекеттен Шыңғырлау өзенің бойлай көшіп келген орыстар қоныстанған, оларды жергілікті халық ілкіде үрке қарсы алғанымен, кейін тіл табысып, былайша айтқанда, тамыр таныс болып кеткен. Шыңғырлау өзенің бойлай және оған жақын орналасқан Миргородка, Полтавка, Белогорка, Лубенка, Золотоношка, Отрядное, Лебедевка атаулары осы қоныс аударушылардың тарихи отанындағы атаулары еске салады және Украинаның Полтавская губерниясындағы елді – мекендердің географиялық атауларына сәйкес келеді, ал Белогорка атауына өзен бойындағы табиғи ақтаулар да әсер еткен тәрізді. 1940 – 1941 жылдары екінші мәрте қоныс аударушылар қоныстанған. Ол кезде колхоз Калинин атын алған еді. 1945 жылы наурыз айында Раулдигин бастаған тың игерушілер үшін мәрте келген орыстар қайтадан Белогорка ауылы, Белогор совхозы деп атаған. Ауылдың екі аты болуы ықтимал. Ол Рай қопасы, Хазекен Шаһары деп аталады. Сонымен совхоз, Белогорский деп аудан көлемінде тарихқа кірістірілген.